

8D017 – Тілдер мен әдебиет бойынша педагогтерді даярлау (8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті) бағыты бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Алиева Жанат Абилжановнаның «Қазіргі қазақ әңгімелерін ұлттық құндылықтар негізінде оқыту (1990 – 2010 жж.) тақырыбындағы диссертациялық жұмысына РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

| № | Критерийлер | Критерийлер сәйкестігі | Ресми рецензенттің ұстанымы |
|---|--|---|---|
| 1 | Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы | <p>1.1. Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі);</p> <p>2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы);</p> <p>3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету).</p> | <p>Диссертация тақырыбы «ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», ҚР «Білім туралы» Заңы (2011 ж.), ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында, ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес келеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың зерттеу бағыты ҚР Үкіметі жанындағы ЖҒТК бекіткен «Елдің зияткерлік әлеуеті» басым бағыты аясындағы «Білім беру және ғылым саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер», «Гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер» мамандандырылға бағыттарға толық сәйкес келеді. Диссертация «8D017 – Тілдер мен әдебиет» бойынша педагогтерді даярлау (8D01701 – Қазақ тілі мен әдебиеті) бағытында дайындалған.</p> |
| 2 | Ғылымға маңыздылығы | Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған. | Диссертациялық зерттеуде жалпы білім беретін мектепте ұлттық құндылықтар туралы білімді қазіргі қазақ әңгімелері негізінде берудің ғылыми-теориялық, оқу-әдістемелік мәселелері өзара сабақтастықта қарастырылып, мәселенің маңыздылығы талдаулар негізінде ашылған. Зерттеу жұмысы – осы бағыттағы өзіндік жаңа үлесі бар еңбек. |

| | | | |
|---|----------------------|---|---|
| 3 | Өзі жазу принципі | <p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) Жоғары; 2) Орташа; 3) Төмен; 4) Өзі жазбаған. | <p>Диссертациялық жұмыстың жазу деңгейі жоғары. Ізденуші тақырып аясында көтерілетін мәселелер шоғырын дұрыс айқындай отырып, тиімді зерттеу ыңғайын таңдаған. Жұмыс құрылымындағы логикалық сабақтастық сақталған, жүргізілген талдаулар жүйелі, ғылыми маңызы негізделген, ұсынылған тұжырымдар дәйекті.</p> |
| 4 | Ішкі бірлік принципі | <p>4.1. Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. | <p>Жалпы білім беретін мектептерде «Қазақ әдебиеті» пәнін ұлттық құндылықтарға негіздей отырып оқытудың өзектілік деңгейін жаһандану дәуіріндегі сыртқы рухани-мәдени сын-кәтерлердің алдын алу контексінде зерделеуге болады. Зайырлы қоғам құра алатын зияткер тұлғаларды қалыптастырудағы сөз өнерінің қоғамдық, рухани-ресурстық әлеуеті нақты ғылыми-педагогикалық проблемалар деңгейінде жан-жақты зерттеуді қажет етеді. Осы тұрғыдан бағалағанда, диссертациялық жұмыстың өзектілігі талапқа сай негізделген.</p> |
| | | <p>4.2. Диссертация мазмұнының диссертация тақырыбын айқындауы:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) Жартылай айқындайды; 3) айқындамайды. | <p>Зерттеудің мазмұны диссертация тақырыбынан ауытқымаған. Ғылыми-теориялық негіз ретінде іріктеліп алынған әдебиеттер қоры негізгі зерттеу мәселесінің шегінен шықпайды. Диссертацияның тұтас архитектуралық құрылымы, жекелеген тараулардың мазмұны негізгі тақырыпты өзара сабақтастықта толық айқындайды.</p> |
| | | <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; | <p>Жалпы білім беретін мектептерде заманауи қазақ әңгімелерін оқытудың ұлттық құндылықтарды насихаттау аспектісіндегі орны мен ролін</p> |

| | | | |
|---|----------------------------|--|---|
| | | 3) сәйкес келмейді. | зерделеу, осы бағытта тәжірибелік-эксперименттік сараптаулар жүргізіп нақты практикалық нәтижелерге қол жеткізу – диссертациялық жұмыстың негізгі идеялық бағдары. Диссертацияда айқындалған мақсат пен оған жету үшін орындалатын міндеттер қатары бір-бірімен логикалық байланыста жүйеленген және тақырыптан ауытқымайды. |
| | | 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ. | Диссертациялық жұмыстың ішкі құрылымдық жоспары алға қойылған міндеттерге сәйкес жүйеленген. Әрбір жеке міндетті орындауға қажетті ғылыми-теориялық, тәжірибелік, әдістемелік аспектілер толық қамтылған. Бөлімдер мен шағын тараушалар арасында логикалық сабақтастық сақталған. |
| | | 4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген. | Диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша қол жеткізілген жаңа шешімдердің бұған дейінгі шешімдерден принциптік ерекшеліктері дәлелді түрде айқындалған. Осы орайда ізденуші әдебиет арқылы тәрбие беру процесінің психологиялық, философиялық, педагогикалық қырлары отандық ғылымда бұған дейін кешенді түрде зерделенбегенін алға тартады. Зерттеу жұмысына таңдалған тақырып бойынша өзіне дейінгі ғылыми нәтижелерді сыни тұрғыдан іріктеу, саралау, жетістіктері мен олқылықтарын объективті бағалау ұстанымдары бар. |
| 5 | Ғылыми жаңашылдық принципі | 5.1. Ғылыми нәтижелер мен қағидағтар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) 25-75 % жаңа болып табылады; | Ж.Алиеваның диссертациялық жұмысындағы қорытынды нәтижелер мен қағидағтар толығымен жаңа болып есептеледі. Диссертант 1990-2010 жж аралығындағы үздік |

| | | | |
|---|-------------------------------------|---|--|
| | | 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). | казак әңгімелерін іріктеп ала отырып, солардың көркемдік деңгейі мен тәрбиелік мәнін ашады. Осы туындыларды жалпы білім беретін мектептерде оқытудың тиімді жолдарын саралайды. Көркем шығарма арқылы ұлттық тәрбие берудің философиялық, психологиялық, педагогикалық, дидактикалық мәселелері кешенді түрде зерделеніп, жаңа дербес тұжырымдар жасалған. Диссертация аясында жасалған талдамалық жұмыстардың нәтижесі бойынша мектепке арналған электив курс бағдарламасы ұсынылған. |
| | | 5.2. Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). | Диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа. Диссертант зерттеу жүргізу барысында осы тақырып бойынша әдебиеттану, педагогика салаларындағы соңғы жылдарда жасалған жұмыстармен жеткілікті деңгейде танысқандығын ғылыми шолулар негізінде дәйектеген. Диссертант қол жеткізген жаңа қорытындылар осы саладағы іргелі зерттеулерді тереңдете түсуге, пәнаралық зерттеулерді дамытуға септігін тигізе алады. |
| | | 5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 %) жаңа болып табылады; 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). | Жұмыстың техникалық, технологиялық, экономикалық және басқару шешімдері толық жаңа және негізделген. Диссертация тақырыбы шеңберінде жүргізілген зерттеулердің практикалық нәтижелері жалпы білім беретін мектептерде қолдануға дайын. |
| 6 | Негізгі қорытындылардың негіздемесі | Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерге негізделген/негізделмеген | Ғылыми тұрғыда, барлық қорытындылар ауқымды дәлелдемелерге негізделген. Диссертант Ж.Алиева |

| | | | |
|---|--|--|--|
| | | (qualitativereserch және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша) | тақырып бойынша ҚР ҒЖБССҚК ұсынған ғылыми басылымдарда, Scopus базасындағы тиісті ғылыми-метрикалық талаптарға сәйкес келетін журналдарда, отандық және халықаралық конференциялардың материалдар жинағында, баспасөз беттерінде мақалалар жариялаған: Scopus – 1; ҚР ҒЖБССҚК – 6; Отандық баспасөзде – 1; Конференция жинақтарында – 3. |
| 7 | Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар | <p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1. Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2. Тривиалды ма?</p> <p>1) иә; 2) жоқ.</p> <p>7.3. Жаңа ма?</p> <p>1) иә; 2) жоқ.</p> <p>7.4. Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең.</p> <p>7.5. Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) иә; 2) жоқ.</p> | <p>Диссертациялық жұмыс бойынша қорғауға шығарылған әр қағидат ғылыми тұрғыда дәлелденген.</p> <p>Ш.Мұртаза, М.Мағауин, Қ.Жұмаділов, Б.Нұржекеұлы, Т.Нұрмағамбетов, Д.Исабеков сынды жазушылардан бастап, әдеби ортада танымал жас қаламгерлерге дейінгі прозашылардың мептеп жасындағы балаларға оқытуға лайық әңгімелерін әдебиеттану мен әдістеме тоғысында жаңаша зерттелген. Оқырмандардың жас ерекшеліктері мен әдеби-танымдық қызығушылықтарын, рецептивтік-психологиялық қабылдау ерекшеліктерін, бүгінгі прозаның пішіндік, мазмұндық, стильдік түрлену жағдайын ескере отырып, сөз өнері арқылы ұлттық құндылықтарды насихаттаудың ғылыми тұжырымдары жасалған.</p> <p>Зерттеу тривиалды емес: өзіндік мәселе қойылысы, оны шешудегі пәнаралық ыңғай, ғылыми теориялық зерттеулерге шолу жасау, ойды нанымды жеткізу сипаттары</p> |

| | | | |
|---|---|--|--|
| | | | <p>бұған дейінгі зерттеулерді қайталамайтындығын айқындайды;</p> <p>Зерттеу ыңғайы, талдаудағы оқу-әдістемелік аспектілер тұрғысынан да диссертация – жаңа жұмыс.</p> <p>Қолдану деңгейі кең: зерттеу нәтижелерін жалпы білім беретін мектептерде, ЖОО-да арнайы электив курстарды оқытуда, осыбағыттағы зерттеулерді жүзеге асыру барысында кеңінен пайдалануға болады.</p> <p>Қағидаттар жеке мақалалар түрінде жарияланып, ғылыми қауымдастық назарына ұсынылған.</p> |
| 8 | Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі | 8.1. Әдістеменің таңдауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) иә; 2) жоқ, | Иә. |
| | | 8.2. Диссертация жұмысының нәтижелері көомпьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) иә; 2) жоқ. | Иә. |
| | | 8.3. Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) иә; 2) жоқ. | Иә. |
| | | 8.4. Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми | Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми |

| | | | |
|----|-------------------------------|---|--|
| | | әдебиеттерге сілтемелермен расталған/ ішінара расталған/ расталмаған. | әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Диссертанттың жеке тұжырымдарының ғылыми негіздемесі осы саладағы жетекші мамандардың ой-пікірімен салғастырыла жасалған. Сол арқылы ізденушінің жеке қағидағтарының жаңашылдық сипаты айқындалған. |
| | | 8.5. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз | Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Жалпы әдебиет саны – 180. Зерттеу тақырыбы бойынша кейінгі кезеңде Қазақстан ғылымында және шетелдік ғылыми орталықтар мен университеттерде жүргізілген зерттеулер (мақала, монография, диссертация, оқулық, оқу құралы, бағдарлама, т.б.) мейлінше толыққанды қамтылған. |
| 9 | Практикалық құндылық принципі | 9.1. Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) иә; 2) жоқ. | Иә. |
| | | 9.2. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) иә; 2) жоқ. | Иә. |
| | | 9.3. Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады: 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады). | Практикалық ұсыныстар жаңа. Диссертант Ж.Алиева зерттеу нәтижелері бойынша «Қазіргі қазақ әнгімелеріндегі ұлттық құндылықтар» атты элективті курс бағдарламасын жалпы білім беретін мектептердің педагогтеріне пайдалануға ұсынады. Жалпы ғылыми зерттеу қорытындылары, жарияланған мақалалар тұтастай осы бағыттағы зерттеулердің бағыт-бағдарын айқындай түсуге мүмкіндік береді. |
| 10 | Жазу және ресімдеу сапасы | Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; | Диссертацияның академиялық жазу сапасы жоғары. |

| | | | |
|--|--|--|---|
| | | <p>3) орташадан төмен; 4) төмен.</p> | <p>Ғылыми жұмыс жүргізудің барлық сатыларындағы ғылыми әдеп қағидаттары сақталған. Тақырып бойынша бұған дейінгі зерттеулерге шолу жасау, сілтемелерді жалпыға міндетті мемлекеттік стандартқа сәйкес ресімдеу тұрғысында барлық ғылыми-академиялық жазу талаптары ескерілген.</p> <p>Ж.Алиеваның диссертациялық жұмысын толық аяқталған сапалы еңбек ретінде бағалаймын.</p> |
|--|--|--|---|

Ресми рецензент:

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты директорының ғылым жөніндегі орынбасары,
филология ғылымдарының кандидаты



Handwritten signature of A.K. Kalieva

А.К. Калиева

Handwritten signature ҚОЛЫН
растаймын КАДР БӨЛІМІ
« 07 » 06 2024 ж. Қолы _____